

**Жауапкершілігі шектеулі серіктестік «LauRus2019» «LauRus» балабақша
гимназиясында өткізілген №2 педагогикалық кеңес хаттамасы**

Күні: «26» қараша 2024ж

Өтілген орны: «LauRus» балабақша гимназия

Төрайым: Бижанова Г.Н.

Хатшы: Айшуакова Р.А.

Қатысушылар: «LauRus» балабақша гимназия педагогтары.

Тақырыбы: «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы»

Күн тәртібі:

1. Тақырыптың өзектілігі
2. Ашық ұйымдастырылған іс әрекеттер:
 - «Ұлттық ою- қошқар мүйіз» дәстүрден тыс сурет салу. Шабалиева Ж.Н.
 - «Мақал- сөздің азығы, жұмбақ- ойдың қазығы» ойын сауық. Баянасова А.А.
 - «Достық» ертегісі, сахналық қойылым. Кенжегалиева Ж.М.
- 3.Тәрбиешілерге арналған шеберлік сыныбы «Озат тәжірибелер» Айшуакова Р.А., Баянасова А.А.
4. Балалардың біліктілігі мен дағдыларының даму деңгейінің бастапқы мониторингіне талдау жүргізу.
- 5.Өртүрлі сұрақтар

1. «Біртұтас тәрбие» бағдарламасының маңыздылығы бүгінгі қоғамда жеке тұлғаның жан-жақты дамуына ықпал ететін факторларды қалыптастыруда жатыр. Бұл бағдарлама балалардың эмоционалды, әлеуметтік, интеллектуалды және моральдық дамуына бағытталған. «Біртұтас тәрбие» бағдарламасының маңыздылығы баланың жан-жақты дамуына негіз болады. Осындай бағдарламалар балаларды моральдық, әлеуметтік, эмоционалды және интеллектуалдық дағдыларын дамытуда жүйелі түрде тәрбиелейді. Бала бойында ынтымақтастық қасиетін, жауапкершілігін және көшбасшылық қабілеттерін арттырады. Сонымен қатар, «Біртұтас тәрбие» бағдарламалары балалардың шығармашылық және сыни ойлау дағдыларын дамытуға ықпал етіп, олардың болашақтағы өміріне дайындықтарын нығайтады. Сондай-ақ, бағдарлама білім беру мекемелері арасында байланыс орнатып, қоғамдастықты тартуға мүмкіндік береді. Бұл бағдарламалар ата-аналармен тығыз байланыс орнатуды, олардың пікірлері мен қажеттіліктерін тыңдауды қажет етеді, осылайша бала тәрбиесіне тұтастай қарап, жетістіктерді біріктіре алады.

2. Осы орайда ашық ұйымдастырылған іс әрекеттер өткізіліп, ашық іс-шаралар балалардың қызығушылығын оятып, олардың белсенділігін арттыруға мүмкіндік берді. Балдырған мектепалды тобында тәрбиеші Шабалиева Ж.Н. «Ұлттық ою- қошқар мүйіз» дәстүрден тыс сурет салу ұйымдастырылған іс әрекеті арқылы бала бойындағы шығармашылығын дамытып қана қоймай, ұлттық құндылық ою өрнектің пайда болу тарихымен танысып, дәстүрімізді дәріптеді. Ал Баянасова А.А. «Мақал- сөздің азығы, жұмбақ- ойдың қазығы»

тақырыбындағы «Еркемай» мектепалды тобымен өткізген ойын сауық шарасы кезінде халық ауыз әдебиетінен атадан балаға мұра болып қалған мақал мәтелдер мен жұмбақтар жасыра отырып, балалардың тапқырлықтарын шыңдады.

Өз кезегінде Кенжегалиева Ж.М. театрға саяхат жасатып, көрермен болып отырған балаларға «Достық» ертегісін рольге бөліп қойылым ұйымдастырды. Театр өнері арқылы балалардың көпшілік алдында өзін ұстауы, байланыстырып сөйлеуі, бір біріне деген достық қарым қатынастары қалыптасты.

3. «Озат тәжірибелер» тақырыбымен «Еркемай» тобының тәрбиешілері Айшуакова Р.А. мен Баянасова А.А. педагогтер үшін шеберлік сыныбын ұйымдастырды. Шеберлік сынып барысында ұлттық нақышта безендірілген ойындарды әр сабақта әртүрлі мақсат қойып пайдалану фишкаларын көрсетті. Педагогтер өз ойларын ортаға салып, бір-бірімен тәжірибе алмасып, жаңа әдіс-тәсілдермен танысты. Бұл шара өзгеріс енгізу арқылы білім беру процесін жетілдіруге көмектеседі. «Озат тәжірибелер» шеберлік сыныбы – тәрбиешілердің кәсіби дағдыларын дамыту, жаңа әдіс-тәсілдермен таныстыру және тәжірибе алмасу үшін ұйымдастырылған үлкен мүмкіндік болды. Шеберлік сыныбында тәрбиешілер өз іс-әрекеттерінде инновациялар мен үздік тәжірибелерді қолдануды, балалармен жұмыс істеуде шығармашылық тәсілдерді енгізу жолдарын үйренді және кәсіби білімдерін жетілдіру үшін әртүрлі тренингтер мен практикалық сабақтар арқылы тәжірибе алды.

4. Балалардың біліктілігі мен дағдыларының даму деңгейінің бастапқы мониторингіне талдау жүргізілді. Мониторинг нәтижелері балалардың дамуында қандай бағыттарға көңіл бөлу қажеттілігін анықтауға көмегін тигізіп отыр. Бұл, өз кезегінде, тәрбие мен білім беруді жақсартуға мүмкіндік туғызды. Бастапқы кезеңдегі білім көрсеткіші пайызын көтеруге бағытталған жұмыстар жоспарланды.

5. Әртүрлі сұрақтар бөлімінде тәрбиешілер мен әкімшілік арасында туындаған сұрақтарға жауап беріліп, пікір алмасу жүргізілді.

Шешімдер мен ұсыныстар:

1. «Біртұтас тәрбие» бағдарламасын жеке тұлғаның жан-жақты дамуы үшін педагогикалық іс әрекеттерде кеңінен енгізілсін.
2. Балалардың біліктілігі мен дағдыларының даму деңгейінің бастапқы мониторингі көрсеткішін жоғарылату мақсатында жоспарлы жұмыс жүргізілсін.

Төрайым:



Бижанова Г.Н.

Хатшы:



Айшуакова Р.А.